

Ленин

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облысының комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Тараз қаласы комитетінің газеті

№ 119 (7079) | Сейсенбі 19 июнь 1945 жыл | Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына 25 жыл толуы хұрметіне Қостанай облысының Солтүстік Қазақстан облысымен социалистік жарыс

ШАРТЫ

1945 жылғы 9 май адамзат тарихына өз қуанышты, тамаша күн болып қосылған бүкіл халықтық мереке күні болды.

Ұлы көсеміміз және ұстазымыз, Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Н. В. Сталин жолдас бұл күні өзінің халыққа арнаған үндеуінде былай деді:

«Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңіп шығуымызбен аяқталды. Еуропада соғыс дәуірі бітті. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды».

Совет халқының гитлершіл Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы еліміздің барлық еңбекшілерінің саяси және өндірістік жігерін арттыра түсті.

Жауды жеңіп шығу ісіне өз үлесін қосқан Қазақстан еңбекшілері Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының 25 жылдығын лайықты түрде қарсы алу үшін әзірленуде.

Қостанай облысының жұмысшылары, колхозшылары мен интеллигенттері күн сәулелі Қазақстанның даңқты 25 жылдығы хұрметіне, Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілерін социалистік жарысқа шақырып, өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Егін шаруашылығы:

1. Облыс бойынша егіннің әрбір гектарынан орта есеппен: дәнді егіннен—8,6 центнер, күнбағыстан—5 центнер, картоптан—74 центнер, омыртан—90 центнер өнім аламыз.

2. 1945 жылы колхоздар бойынша 130.000 гектар тың және тыңайтылған жерді, совхоздар бойынша 15.000 гектар

колхоздарда ет тапсыру есебіне берілетін малдың 60 процентінің, совхоздарда 75 процентінің қоны ортадан жоғары болады.

5. Колхоздар мен совхоздарда жаңадан мал қораларын салу және қолда бар мал қораларын жөндеу жұмысын 1945 жылғы 1 октябрьге дейін аяқтаймыз.

6. Мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын совхоздарда: ірі қара мал жөнінде 105 процент, жылқы жөнінде 103 процент, қой-ешкі жөнінде 114 процент, шошқа өсіру жөнінде 109 процент орындаймыз.

III. ӨНЕРКӘСІП ЖӨНІНДЕ:

1. Одақтық өнеркәсіп:

а) Қазақстанның 25 жылдығын мерекелеу күніне дейін 10 айлық мемлекеттік жоспарды 110 процент орындаймыз.

б) 1 октябрьге дейін электр қуатын беретін кәсіп орындары 1945—46 жылғы қысқа әзірлігі жөнінде паспорт алатын болады. Құрылыс-монтаж жасау және жөндеу жұмыстарының барлық түрін тағайындалған мөлшер бойынша орындаймыз.

в) әрбір бұйымның түсер бағасын жоспарға қарағанда 5 процент кемітеміз;

г) еңбек өнімін 7,5 процент арттырамыз.

2. Республикалық өнеркәсіп:

а) 10 айлық өндіріс жоспарын 110 процент орындаймыз.

б) әрбір бұйымның түсер бағасын 7 процент кемітеміз;

в) еңбек өнімін 6,5 процент арттырамыз;

г) бірінші жарты жылдықта әскери қызметкерлердің үй-іштеріне көмек қоны-

лық жөнінен жақсы қамтылуын қамтамасыз етеміз.

8. Егіс жұмыстарында жүрген МТС және совхоз жұмысшылары мен колхозшыларды дәрігерлік жағынан жақсы қамту үшін қаладағы барлық қызметкерлермен селендік жерлерде дәрігерлік мекемелердің қызметкерлерін колхоздарға, совхоздарға, МТСтарға, учаскелер мен бригадаларға бекітеміз.

9. Колхоздардың, МТСтар мен совхоздардың барлық саяси-ағарту лекцелерінде арнаулы программа бойынша лекция оқу және тазалық сақтау ісі тақырыбында әңгіме өткізілуін ұйымдастырамыз, сол сияқты баспасөз бетінде бұл тақырыпта бөлім құрылады.

V. ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕ:

1. Еңбекшілердің ақшадай төлемін жыйнау жөніндегі жылдық жоспардың 1945 жылғы 15 декабрьге дейін толық орындалуын қамтамасыз етеміз.

2. Халық шаруашылығы жөніндегі барлық шараларды (өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, коммуналдық шаруашылық, оқу, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру) толық қаржыландырамыз.

3. Халық шаруашылығы мен әлеуметтік-мәдениет істеріне арналған қаржының дұрыс жұмсалыуына қатаң бақылау жасаймыз.

4. Еңбекшілерді қамту жөнінде жыйнақ қассаларының жұмысын жақсартып, ауыл-селендік жерде жаңадан 10 жыйнақ қассасын ашамыз, кәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда бұл жөнінде анықтама беретін 300 орын ұйымдастырамыз.

VII. КИНОЛАНДЫРУ, БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ РАДИОЛАНДЫРУ ЖӨНІНДЕ:

1. Киноландыру жөніндегі он айлық жоспарды 15 октябрьге дейін орындап, барлық кино аппараттарын қалпына келтіреміз, сондай-ақ аудан орталықтарында барлық кино аппараттарының үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастырамыз. Қостанай қаласында 3 кино-театр ашамыз, 20 кино механик дайындаймыз.

2. Байланыс ісін өркендету, жөндеу жұмысын жүргізу, ақшадай кіріс өлшеу жөніндегі 10 айлық өндіріс жоспарын 1945 жылғы 15 октябрьге дейін орындаймыз.

Республика мерекесі күніне дейін 6 МТС пен 3 совхозды телефондандырамыз.

3. Челябиннің 72-әуе толқынындағы радиостанциясы арқылы облыстық радио хабарын тарату ісін ұйымдастырамыз. Мұнымен қатар радио хабарын тарататын 17 аудандық редакция ұйымдастырып, құрамын қазақ және орыс тілдерінде хабар таратылуын қамтамасыз етеміз.

Бұл міндеттемелерді іс жүзінде орындау үшін көпшілік-саясат жұмысын негүрлым өрістетіп, әрбір колхозда, совхозда, МТС-та, кәсіп орынына, бригадала, цехпен звенода Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарыстың кеңінен ұйымдастырамыз, сөйтіп жарыстың барысын және алған міндеттемелердің орындалуын үнемі тексереміз. Егіс даласында жұмыс істеп жүрген жұмысшылар мен колхозшылар үшін хажетті тұрмыс жағдайын жасап, әрбір бригадала мәдениетті лаңқа қосып жабықтаймыз, олар үшін

Қазақ ССР-нің 25 жылдығы хұрметіне ұйымдастырылған социалистік жарыста алған міндеттемелерімізді абройым орындап, даңқты мерекені зор табыстармен қарсы алайық сөйтіп батыр Қызыл Армия мен еліміздің күш, қуат бұрынғыдан да арттыра түсейік!

Қазақ ССР-нің құрылғанына 25 жыл толуы хұрметіне Солтүстік Қазақстан облысының Қостанай облысымен социалистік жарыс

ШАРТЫ

1945 жылғы октябрьде Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының құрылғанына ширек ғарыс толады. Совет өкіметінің 25 жылы ішінде қазақ халқы өзінің жасы үлкен азасын—орыс халқының көмегімен, большевиктер партиясының және БК(б)П-ның Лениндік-Сталиндік Орталық Комитетінің басшылығы арқасында Қазақстанды ірі өнеркәсіпті және өркендеп дамыған колхоз-совхозды ауыл шаруашылығы бар қуатты социалистік республикаға айналдырды.

1945 жылғы 9 май адамзат тарихына бүкіл халықтық тамаша мереке күні болып қосылды.

Көменгер көсеміміз, Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдас өзінің халыққа арнаған үндеуінде: «Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Еуропада соғыс дәуірі бітті. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды» деді.

Гитлершіл Германияға қарсы күресте совет халқының ұлы жеңісі еліміздің барлық еңбекшілерінің өндірістік және саяси белсенділігін мейлінше арттыра түсті.

Батыр Қызыл Армиямыздың тарихи Ұлы жеңістерімен және көменгер көсеміміз Сталин жолдасының тарихи нұсқауларымен жігерленген Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері республикамыздың даңқты 25 жылдығын мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін әзірлене отырып, Қостанай облысы еңбекшілерінің хұрметіне социалистік жарысқа шақыруын көшметпен қарсы алып, мереке облысымыздың жұмысшылары, колхозшылары мен интеллигенттеріне

дың күшімен тыңғылықты түрде жетілуін қамтамасыз етеміз.

Мал шаруашылығы жөнінде

1. Мал шаруашылығын өркендету мемлекеттік жоспарын: колхоздарда мал жөнінен 101 процент, совхоздарда 104 процент, колхоздарда ірі қара өсіру жөнінен—101 процент, совхоздарда—103 процент, совхоздар мен колхоздарда қой-ешкі өсіру жөнінен—102 процент, колхоздарда шошқа өсіру жөнінен—100 процент, совхоздарда—105 процент, колхоздар мен совхоздарда күс жөнінде—105 процент орындаймыз.

Колхоздардың малды өздері өсіру бінеде олардың меншігіндегі мал б ірі қара мал жөнінен—12 процент, ешкіден—20 процент, шошқа өсіру жөнінен—60 процент арттырамыз.

2. Колхоздар мен совхоздарда әрбір сыйырдан 75 бұзау, әрбір 100 сатадан 100 қозы, әрбір мезгілінен 1 рай, әрбір 100 биенен 50 құлын өсі

3. Колхоздарда әрбір сауын сыйы 1100 литр, совхоздарда—1300 литр сауылады.

4. Колхоздар мен совхоздарда әрбір қойдан 2,5 килограм жүн қырқылатылады.

5. Мемлекетке мал шаруашылығын: ет, брызға және жүн тапсыру жөніндегі міндеттемені 1945 жылғы 1 ноябрьге дейін, ет және тері тапсыру жөніндегі міндеттемені 1945 жылғы ақпан айына дейін орындаймыз. Колхоздарда ет тапсыру есебінен берілетін малдың 60 процентінің, совхоздарда 75 процентінің

дарда жанармайдың 3 процентін үнемдеп, трактормен істелетін барлық жұмыстың түсер бағасын 2 процент кемітеміз.

4. Комбайндарды және егін жыйнайтын жай машиналарды жөндеу жұмысын үкмет белгілеген мерзімде аяқтаймыз.

5. 1 ноябрьге дейін барлық егін жыйнау жұмысын аяқтап, астық және тағы басқа ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөнінде мемлекетпен толық есеп айырысамыз.

6. 1 декабрьге дейін 1946 жылға керекті тұқым, азық және мал азығы қоры мен қауыпсыздандыру қорын толық құямыз.

7. 1945 жылы әрбір ересек колхозшы кемінде 300 еңбеккүн, жас өспірім—70 еңбеккүн және карт колхозшы кемінде 80 еңбеккүн алатын болады.

8. Астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындап, тұқым қорын, азық және мал азығы қорын, қауыпсыздандыру қорын жасап алғаннан кейін колхозшылардың еңбеккүніне кемінде 2 килограм астық береміз.

9. Пар жыртудың мемлекеттік жоспарын үкмет тағайындаған мерзімде, ал зиялы жырту жоспарын 1 ноябрьге дейін орындаймыз. Күзгі егіс егу жұмысын 1945 жылғы 1 сентябрьге дейін аяқтаймыз.

II. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Облыс колхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын: ірі қара мал жөнінде 102 процент, жылқы жөнінде 102 процент, қой-ешкі жөнінде 105 процент, шошқа өсіру жөнінде 114 процент орындаймыз.

Колхоз, совхоздарда күс санын 1945 жылғы 1 январьға дейін қолда бар күс санынан 100 процент арттырамыз.

Колхоз, совхоздарда әрбір 100 сыйыр дан 75 бұзау, 100 саулықтан 100 қоты, әрбір мегежіннен 10 төрай, әрбір 100 биеден 50 құлын аламыз.

2. Әрбір сауын сыйырдан 850 литр сүт алып, бір қойдан 2 килограмға дейін жүн кырамыз.

3. Шішпен шабу басталғанға дейін колхоздарда, совхоздар мен МТС-тарда шөп шабатын барлық құрал-саймандар мен машиналарды толық жөндейміз. Шөпке шаққанға әрбір ірі малға—бір жылқыға 38 центнер, әрбір ірі қара малға 28 центнер, бір қойға 4,5 центнер және бір түлгеге 40 центнер азық дайындаймыз. Әрбір сыйырга 15 центнер, бір мегежінге 5 центнер сүрленген азық әзірлейміз.

15 ноябрьге дейін дайындалған мал азығының кемінде 60 процентін қыстау қалына тасып аламыз.

4. Облыстың колхоз, совхоздарында мал азығы өнімін тапсыру жөніндегі мемлекеттік жоспарды Қазақ ССР-ның 25 жылғы күніне дейін орындаймыз.

а) сомаға және зат түріне бөлгенде жылдық жоспарды 106 процент орындаймыз;

б) еңбек өнімін 7 процент арттырамыз;

в) өндіріс оқуын ұйымдастыру арқылы түрлі мамандығы бар 500 маман жұмысшы әзірлейміз;

г) мемлекеттік жоспардан тыс 100 арба, 7 тонна арба майын, 50 тонна ағаш көмірін өндіреміз;

д) 1945 жылы бір өндіріс комбинатын, 12 ауыл-селеңдік өндіріс комбинатын, 3 қолөнер артель, ал қазіргі бар артельдерде 9 өндіріс цехын және аяқ киім жасап-жасайтын 10 ірі мастерской ұйымдастырамыз;

3) тракторларға және ауыл шаруашылық машиналарына арнап қосалқы бөлшек өндіру жоспарын өнеркәсіптің барлық салаларында тағайындалған мөлшерде толық сәйкес кемінде 103 процент орындаймыз.

IV. ОҚУ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӨНІНДЕ:

1. Облыстың барлық мектептерінде емтихан алу жұмысын үлгілі өткіземіз, сөйтіп оқушылардың тарап кетуін және оқуды үлгірмеуі себепті бір класта екінші жыл қалып қойып болдырмаймыз.

2. Қазақ ССР-ның 25 жылдығына дейін ересек адамдар арасында сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою ісін аяқтаймыз. Бұл үшін барлық мұғалімдерді, қала және ауыл-село интеллигенциясын, жоғары кластардың оқушыларын жұмысқа пайдаланамыз.

3. 1 августқа дейін мектептердің ағымдағы жөндеуін, ал 15 августқа дейін негізгі жөндеуін аяқтаймыз. 20 августқа дейін мектептерге керекті отынды хажетті мөлшерде әзірлеп, тасып аламыз.

4. Быйылғы жылы балалардың оқуға түгел қамтылып, олардың мектептерден қол үзбеуін қамтамасыз етеміз.

5. 1 ноябрьге дейін мұғалімдердің күшімен қалада және облыстың ауыл-село-ларында ғылыми жаратылыс тану тақырыбында кемінде 450 лекция оқылады. Мұнымен қатар көктемгі егісті өткізу және егін жыйнау кезінде МТС, совхоз жұмысшылары мен облыстың колхозшылары арасында көпшілік-саясат жұмысы қызу жүргізілуін қамтамасыз етеміз.

6. Аудан аралық 4 аурухана ұйымдастырып, оларды қызметкерлермен толықтырамыз, сөйтіп аспаптарымен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етеміз. Бұл ауруханаларды жабықтау жұмысы быйылғы 1 августқа дейін аяқталады.

7. Көктемгі жазғы жұмыста және егін жыйнау кезінде облыстың колхоз, совхозтарында кемінде 500 балалар яслилерін ұйымдастырып, бұлардың бірқалыпты жұмыс істеуін және балалардың дәрігер

2. Барлық аудан орталықтарында қонақ үй және көпшілік тамақтанатын асханалар ашамыз. 1 ноябрьге дейін облыста колхозшылар, совхоз және МТС жұмысшылары үшін кемінде 25 мотель ұйымдастырамыз.

Шартқа қол қойғандар:
ҚК(б)П Қостанай обкомінің секретарі М. ЗОЛОТУХИН, еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқарушы органдарының председатели А. ЖҰСЫПОВ, облыстық жер бөлімінің бастығы ЛУДИН, ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі НИКИТИН, Аманкелді МТС-ның директоры ТУЛБА, ҚК(б)П обкомі үгіт-нұсихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары ҚАСЫМОВ, ҚК(б)П Ауыл-көл аудандық комитетінің секретарі БОЙКО, Пресненгорьев ауданындағы 8-гвардия дивизиясы атындағы колхоздың председатели МИХИН, ҚЛЖО обкомінің секретарі СЕМАШКО, Семиев аудандық совет атқарушы органдарының председатели ОТЕШОВ, Семиев ауданындағы Семиев МТС трактор бригадасының бригадирі КУДЛАЙ, Н. заводның директоры АГРАЧЕВ, жер орындары мен МТС қызметкерлері кәсіпшілер одағы обкомінің председатели НАЗАРОВ, ҚК(б)П Торғай аудандық комитетінің секретарі БОКЕШОВ, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген орденді мұғалім КОБЕЕВ, Қостанай астық совхозының директоры МЫШКИН, Советтер Одағының Батыры ШЕМЯНИН, Торғай ауданының 6-пленум атындағы колхоздың шопаны ТЫНЫСБАЕВ, Дзержинский атындағы былғары комбинатының стахановшысы ПИМЕНОВА, Қостанай ауданындағы Ақсу ауыл советінің председатели БОГЕНБАЕВ, облыстық «Большевиктік жол» газетінің редакторы ЕСИМОВ, облыстық «Большевикская путь» газетінің редакторы ИЦИНСОН, Қостанай астық совхозының бас агрономы ЮРОЧКИН, облыстық жер бөлімінің мал дәрігері ЕЛЬФИМОВ.

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

УКРАИНАДА ЖАҢА ҚАНТ ЗАВОДТАРЫ

Украинаның соғысқа дейін Советтер Одағында бірінші орын алатын қант заводтары қалпына келтірілуде. Қазірдің өзінде өткен маусымда республиканың 90 қант заводу жұмысқа қосылып, елімізге бірнеше миллион пұт қант берді.

АСТАНА ҚАСТАРЫНЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМ АЛЫСЫ

Быйыл Москва өнеркәсіп орындарында жұмыс істейтін көптеген жастар жазғы күні санаторияларға, дем алыс үйлеріне, санатория алаңдарына, колхоз шаруашылығы жанындағы лагерлерге тынығуға барады.

«Красный пролетарин», «Палир» заводтары жас жұмысшылар үшін санаториялар ұйымдастырды. Измаил паркінде 300 адам үшін екі апталық санатория ашылды. (ТАСС).

ЖАУЫНГЕРЛЕРДІҢ ҮЙ-ІШТЕРІНЕ КӨМЕКТЕСУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕКЕМБІЛІК

Ленинград облысының барлық аудандарында жауынгерлердің үй-іштері мен отан соғысының мүгедектеріне көмектесу жөнінде жекембілік өткізілді.

Мыңдаған колхозшылар, қызметкерлер бұл күні жауынгерлердің үй-іштерінің огород салуына көмектесті. Ауыл шаруашылық артельдері жауынгерлердің үй-іштеріне ат, көп тұқым берді. (ТАСС).

аудандық қатарлы облысына айналдыру үшін күрес жүргізеді.

Республикалық «Социалистік Қазақстан» және «Қазақстан Правдасы» газеттерінің редакцияларынан жарысымызға сарапшы болуды сұраймыз.

1945 жылы өрте егілетін егісті үкмет белгілеген мерзімде агротехникалық жоғары сапада өткіземіз.

3. 1945 жылы колхоздарда 60 мың гектар, совхоздарда 20 мың гектар тын және тыңайтылған жерді игереміз.

4. МТС-тарда жұмсақ жерге айналдырылған 15 аттың күші бар әрбір трактормен жылына орта есеппен 300 гектар, совхоздарда—400 гектар, оның ішінде көктемгі егіс кезінде МТС-тарда—120 гектар, совхоздарда—135 гектар жер жұмыс таймыз.

1945 жылы МТС-тар мен совхоздарда жоспарды мөлшерге қарағанда жанар майдың 3 процентін үнемдеп, трактормен істелетін барлық жұмыстың түсер бағасын 2 процент кемітеміз.

5. Колхоздар бойынша 100 мың гектар мөлшерінде тағайындалған пар жөніндегі мемлекеттік жоспарды және совхоздар жөнінде тағайындалған 30 мың гектар пар жырту жоспарын 1 июльге дейін орындаймыз.

Колхоздарда 135 мың гектар мөлшерінде, совхоздарда 48.600 гектар мөлшерінде тағайындалған зиялы жырту жоспарын 1945 жылғы 15 октябрьге дейін орындаймыз.

6. Комбайндарды, егін жыйнайтын жай машиналар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысын 1945 жылғы 20 июльге дейін аяқтаймыз.

7. Дәнді егінді жыйнау жұмысын 5 октябрьден кешіктірмей, 30 жұмыс күні ішінде, картоп пен өкпе-өгород егісін—10 октябрьде және майлы егісті жыйнау жұмысын 5 ноябрьде аяқтаймыз. (ТАСС).

КАБЕДРА МЕНГЕРУШІЛЕРІНІҢ КУРСЫ
ССРО Халық Комиссарлары Советі жанындағы жоғарғы мектептер ісі жөніндегі комитет Москвада Марксизм-Ленинизм, саяси экономика кафедралары менгерушілерінің курсін өткізеді. Курске 800дей адам қабылданады.

Курстың оқуы 1 августта басталады. Астана жоғарғы дәрежелі оқу орындарының академиктері мен профессорлары диссертация қорғауға дайынғанын жүрген тыңдаушылар үшін ғылыми консультация өткізеді.

МАГНИТАГОРСКИ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚУАТТЫ ЖАҢА ЦЕХЫ

Магнитогорск комбинатында жаңадан бір қуатты цех жұмысқа қосылды. Бұл цех ғылымның соңғы табысымен жабықталған. Қабылдау комиссиясы цехтың құрылыс-монтаж жұмысының сапасы жақсы деп бағалады. Жаңа цехта мартен печтері, прокат станоктері, кокс батерейлары үшін жаңа бөлшектер әзірленеді. (ТАСС).

1945 жылы өрте егілетін егісті үкмет белгілеген мерзімде агротехникалық жоғары сапада өткіземіз.

3. 1945 жылы колхоздарда 60 мың гектар, совхоздарда 20 мың гектар тын және тыңайтылған жерді игереміз.

4. МТС-тарда жұмсақ жерге айналдырылған 15 аттың күші бар әрбір трактормен жылына орта есеппен 300 гектар, совхоздарда—400 гектар, оның ішінде көктемгі егіс кезінде МТС-тарда—120 гектар, совхоздарда—135 гектар жер жұмыс таймыз.

1945 жылы МТС-тар мен совхоздарда жоспарды мөлшерге қарағанда жанар майдың 3 процентін үнемдеп, трактормен істелетін барлық жұмыстың түсер бағасын 2 процент кемітеміз.

5. Колхоздар бойынша 100 мың гектар мөлшерінде тағайындалған пар жөніндегі мемлекеттік жоспарды және совхоздар жөнінде тағайындалған 30 мың гектар пар жырту жоспарын 1 июльге дейін орындаймыз.

Колхоздарда 135 мың гектар мөлшерінде, совхоздарда 48.600 гектар мөлшерінде тағайындалған зиялы жырту жоспарын 1945 жылғы 15 октябрьге дейін орындаймыз.

6. Комбайндарды, егін жыйнайтын жай машиналар мен ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысын 1945 жылғы 20 июльге дейін аяқтаймыз.

7. Дәнді егінді жыйнау жұмысын 5 октябрьден кешіктірмей, 30 жұмыс күні ішінде, картоп пен өкпе-өгород егісін—10 октябрьде және майлы егісті жыйнау жұмысын 5 ноябрьде аяқтаймыз.

8. 230 мың гектар егін алаңын комбайнмен жыйнап, 15 футты комбайнмен МТС-тарда—200 гектар, совхоздарда—300 гектар егін жыйнаймыз.

9. 1945 жылдың егісіне арнап күзгі егіс егу жұмысын облыста 10 сентябрьге дейін аяқтаймыз.

10. 1945 жылғы 1 ноябрьге дейін колхоз және совхоз секторы бойынша астық тапсырудың барлық түрі жөнінен мемлекетпен толық есеп айырысамыз.

11. Колхозтар мен совхоздарда 1946 жылғы егіс алаңына арнап, егіс тұқымын, қауыпсыздандыру және ауыспалы тұқым қорын құюды 1945 жылғы 1 ноябрьге дейін толық қамтамасыз етіп, колхозшылардың еңбеккүндеріне астық беру мөлшерін елауір арттырамыз.

1945 жылы әрбір ересек колхозшының 300 еңбеккүн, әрбір жас өспірімнің 70 еңбек күн алуына жетісеміз.

12. Ногинтықтардың іс үлгісін өрістету негізінде 1945 жылы МТС орталықтары үлгілі түрге келтіріп, мастерскойлардың, тағы басқа көмекші үйлер мен құрылыстардың МТС қамтуындағы колхоздар-

кемінде 60 процентін тасып аламы.

7. Колхоздарда дәл сол сияқты қарла да қоғамдық мал шаруашылығы үшін—әрбір сыйырга, күнажып мен жінге орта есеппен кемінде 1,5 шөп сұрлаймыз.

8. Көктемгі егіс жұмыстары: колхоздардың мал шаруашылығы бөлімдерінің күшімен ферма іргесіндегі келерде жоспардан тыс 1800 гектаміс тамырлы өсімдіктер (сәбіз, қыз картоф) егісіп, 3650 гектар сұлы, 2335 гектар арпа егісін саламыз.

9. Колхоздар мен совхоздардағылық мал қораларын жөндеу, ішкі қыс жабдықтау және дезинфекция жұмысын 1945 жылғы 1 сентябрьіні аяқтаймыз.

10. Колхоздарда 15 октябрьге мынадай мал қоралары: 10.000 қойтын қора, 25000 тәл сыятын 100, 2500 бұзау сыятын 5 үй, 2000 ж сыятын 40 ат қора және 30.000 құтын 100 қора салынады.

11. Курстар арқылы және өндіріс қол үзбей оқу арқылы (колхоздар мал дәрігерлік-зоотехникалық үйірмеде) мал шаруашылығы үшін мынада: шөпке жаппай мамандықтағы қызмелер: 426 ферма меңгерушілері мен ідрлер, 1255 сауыншы, 210 бұзау іші, 300 шопа, 108 жылқышы-ат іші, басқа мамандықта 1651 қызме барлығы 3950 кадр дайындаймыз.

II. ӨНЕРКӘСІП ЖӨНІНДЕ

1. Барлық кәсіп орындарында өткізілген бұйымның түсер бағасын 5 процент, одақтық-республикалық өнері бойынша—3 процент кемітеміз.

4. Одақтық-республикалық өнері бойынша 1945 жылға белгіленген өнеркәсіп орындарын қайтадан салу және деу жұмысы 1945 жылғы 1 ноябрьге іні аяқталады.

5. Отан қорғау өнеркәсібі бойы 1945 жылы кемінде 20.000 шаршы мөлшерінде өнеркәсіпке арналған кісі тұратын үй пайдаланылуға бері.

6. Тракторлар мен ауыл шаруашы машиналарына керекті бөлшектер өн, программасы тағайындалған мөлшерде міне 103 процент орындалады.

7. Өнеркәсіп орнының әрбір коллелі егін салу және егін жыйнау жұмыры кезінде қамқорлыққа алынған колдарға жұмысшы күші жағынан көмсетеді.

(Жалғасы 2 бетте).

Қазақ ССР-ның құрылғанына 25 жыл луы хұрметіне Солтүстік Қазақстан облысының Қостанай облысымен социалистік жарыс ШАРТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

ІІІ ЖОЛ ТРАНСПОРТЫ ЖӨНІНДЕ

Жүк тиеу жөніндегі мемлекеттік жос 110 процент, жүк түсіру жоспары 115 процент орындаймыз. Жүк тиеуінде вагондардың босқа тұруын бұдан 3 процент азайтамыз.

1. Поездардың ереже бойынша 100 ат жөнелтіліп, жүргізілуін қамтамасыз етіміз, учаскеде поездардың жүру ымдығын 2 процент арттыруға жеткіземіз.

Жүксіз поездардың тәуліктік жүру ымдығын 700 километрге және көмір мен поездардың тәуліктік жүру жылжытын 600 километрге жеткіземіз. Паровоздарды әртүрлі жөндеуден өткізуге жұмыстарының айлық жоспарларын орындаймыз, сөйтіп паровоздардың жүздеу мерзімін мөлшерде көрсетуге уақытқа дейін қысқартамыз.

1945 жылғы 1 октябрьге дейін жоңғар минетін және жүк вагондарын на және жылдық байқаудан өткізудегі он айлық жоспарды орындай-

1 октябрьге дейін жоспарда көрсетілген 300 километрлік негізгі жолдарды, километрлік станция жолдарын, 345 стрелка аспаптарын жөндеп шығаруға жеткіземіз. Қашықтығы 25 километр-геірі жол табайын күрделі жөндеуден өткіземіз. 10 километр темір жол табатуғал ауыстырып саламыз. Қарғыны күрес жүргізу құралдарын жөндеп, оны 1945—46 жылдардың қысқы мауына толық әзірлейміз.

Пәтер үйлерді ағымдағы жөндеуден жүз жоспарын 1 октябрьге дейін 110 процент орындаймыз. Қысқы маусымға ап 600 пәтер үй әзірлейміз. Қысқы ысқыма жетерлік отын дайындап, жү-жұмысқарды, сол сияқты кәсіп орында-мен мекемелерді отынмен қамтамасыз етіміз.

ІV. МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖӘНЕ ДЕН САУЛЫҚ САҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ

4. Еңбекшілердің және мектеп оқушы-ларының туған-туысқандарының күш-кү-ралын жете пайдалану негізінде мектеп-терді 1945—46 оқу жылына саналы әзір-лейміз. Оқу жасындағы барлық балалар-ды мектепке тартамыз. Мектептерді мұга-лмдермен толықтырамыз.

5. Облыстың ауыл-селеңдік советінде барлық радио орындары қалпына келті-ріп, 100 дана мөлшерінде жаңадан радио репродукторларын орнатамыз.

6. Облыстың ауыл-селеңдік советінде ай сайын екі рет, ал әрбір МТС пен сов-хозда кемінде бір рет кино көрсетілуін қамтамасыз етеміз.

7. Облыста кино орындарының саны 1945 жылғы 1 июньге дейін 27ге жет-кізіледі.

8. СССР Жоғарғы Советі Президиумы-ның 1944 жылғы 8 июльдегі Указын жү-зеге асыру мақсатында мынадай балалар мекемелері мен дәрігерлік мекемелердің ашылуы қамтамасыз етіледі:

- а) Балалар консультациясы — қалада —2, ауылда—1;
- б) Балалар яслиі қалада —1;
- в) Дәрігерлік орын—3;
- г) Балалар үйі 35 орынға дейін кеңей-тіледі;
- д) Әйелдер босанатын үй—30 орынға дейін кеңейтіледі.

9. Колхоздар мен совхоздарда балалар үшін уақытша 13 мың баланы қамты-тың 450 ясли ұйымдастырылады.

Бұл міндеттемелерді қабылдай отырып, оның орындалуын өзара тексеру жөнінде мынадай мерзімдер тағайындалады:

Бірінші мерзім—көктемгі егістің қоры-тындылығы жөнінде—15 июнь.

Екінші мерзім—егін жыйнауға әзірлік және өнеркәсіптің, транспорттың, байла-ныстың және әлеуметтік-мәдениет істері-нің жарты жылдық жоспарының орында-луы жөнінде—15 июль.

Үшінші мерзім—егін жыйнаудың қоры-тындылығы, ауыл шаруашылық өнімдері мен шикі зат тапсыру жөнінде мемлекет алдындағы міндеттемелердің орындалуы, сол сияқты өнеркәсіп орындарының жос-парлы мерзімінен бұрын орындалуы және

Қазақ ССР-ның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

Барлық ауыл шаруашылық жұмыста- рын ұштастыра жүргізейік!

Бірде-бір комбайн жөнделмеген

Мамлют ауданындағы Чапаев атында-ғы МТС быйылғы көктемгі егісті өткен жылмен салыстырғанда әлде қайда ерте, агротехникалық жоғары дәрежеде өткіз-ді. МТС көктемгі егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жоспарын толық орын-дады. Бұл цифр МТС коллективінің егіс кезінде қажырлы еңбек істегендігін ыспат тайды. Егіс жұмысын алқатасымен ма-шина трактор станциясы егін жыйнау жұмысына әзірленуге кірісуге тиіс еді. Алайда, МТС-та бұл жұмыс өріс ала ал-май отыр. Мұнда әсіресе комбайндарды жөн-деу жұмысына әлі күнге дейін назар ауда-рылмай келеді. МТС-тың дирекциясы да, партия ұйымы да комбайндарды жөн-деуді естен шығарған.

Осының салдарынан машина-трактор станциясында әлі күнге дейін бірде-бір комбайн жөндеген жоқ. МТС директоры Быков пен партия ұйымының секретарі Чупрасов өз мастерскойларында 5 мотор-дың жөндегендігін мәлімдейді. Анығында бұл моторлар сапасыз жөндеген. Олар қа-зіргі күйінде комбайнға орнатуға жарам-сыз.

Машина-трактор станциясы комбайн-дарды жөндеуде неге артта қалды? Оның себебі мұнда еңбек дұрыс ұйымдастырыл-маған. Жөндеуші жұмысшылар арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетілме-ген. Сол сияқты мастерскойда көрсеткіш тақтасы ұйымдастырылмаған.

Бірыңғай комбайншылар мен олардың көмекшілері әлі күнге дейін жұмысқа шыққан жоқ. «Утренняя заря», «Пробуж-дения», Ворошилов атындағы тағы басқа колхоздардан МТС-қа комбайндарды жөн-деу жұмысына күні бүгінге дейін бірде-бір адам жіберілген жоқ. МТС директо-ры Быков пен партия ұйымының секре-тарі Чупрасов бұл жағдайға төзіп отыр. Олар «егін жыйнау жұмысы басталғанға дейін әлі көп уақыт бар ғой» деген зыян-ды пікір айтып, арқаны кеңге салады.

Жуырда бұл МТС-қа ҚК(б)П аудандық комитетінің ұйымдастыру және нұсқау бөлімінің меңгерушісі Козычкин жолдас келді. Ол мұнда комбайн жөндеу жұмысы-ның барысы жөнінде мәлімет алумен ты-

Облысымызда пар жырту мен егіннің арам шөбін отаудың барысы

Облыстық жер бөлімінің мәліметі бойынша, облыс колхоздары 17 июньге де-йін 17540 гектар пар жырту, жоспарды 17,5 процент орындады. 16 июньде 2044 гектар пар жыртылды.

Пар жыртуда бұрынғыша Октябрь ауданының колхоздары алда келері. Бұл ауданда 3879 гектар пар жыртылып, жоспар 32,3 процент орындалды. Пар жырту жоспарын Конохов ауданының колхоздары 29,8 процент, Мамлют ауданының кол-хоздары 28,7, Булаев ауданының колхоздары 18,9 процент орындады. 16 июньде Ленин, Октябрь, Полудень және Соколов аудандарында бірде-бір гектар пар жырт-ылмады. Ал Петропавл ауданында 43, Совет ауданында 62 гектар ғана пар жырт-ылды. Пар жыртудың жалпы жоспары Петропавл ауданында 16,5 процент По-лудень ауданында 15, Приешім ауданында 11,6, Ленин ауданында 11, Преснов ауданында 10,3, Совет ауданында 8,7 және ең артта қалған Соколов ауданында 7,3 процент ғана орындалды.

Егіннің арам шөбін отауда Мамлют ауданының колхоздары бірінші орында, Конохов ауданының колхоздары екінші орында, Петропавл ауданының колхоздары үшінші орында, Ленин ауданының колхоздары төртінші орында және Соколов ау-данының колхоздары бесінші орында келеді. Мамлют ауданында 12982 гектар егіннің арам шөбі оталды. Бұл—жоспардың 30,9 проценті. 16 июньде Октябрь, Полудень, Преснов және Соколов аудандары бірде-бір гектар егіннің арам шөбін отамай, бұл жұмысты мүлде бәсеңдетіп, облысымызды кейін тартып отыр. Істің жайы Совет ауданында да айтарлықтай емес. 16 июньде Совет ауданында небары 311 гектар ғана егіннің арам шөбі оталды.

Облысымызды жалпы алғанда 76602 гектар ғана егіннің арам шөбі оталып, жоспардың орындалуы 20 процентке де жетпеді. Соңғы бір күнгі есім 2672 гек-тар ғана болды.

Пар жырту жоспары мінсіз орындалсын

Быйыл Ленин ауданының колхоздары кемінде 14 мың гектар пар жыртуға тиіс-ті еді. Бұл жоспарды мерзімінде орындап шығу үшін пар жыртуға трактор паркі мен бірге 106 көлік соқасын шығарып, пар жырту ісіне көлік күшін толық пай-далану жөнінде жоспар жасалған бола-тын.

Ауданның бірталай колхоздарында пар жырту жұмысы ойдағыдай жүргізіліп жа-тыр. Мәселен Аманкелді атындағы кол-хоздың мүшелері егіс жоспарын орында-сымен пар жырту жұмысына білек сыба-на кірісті. Пар жыртушылар арасында республикамыздың 25 жылдығы атында-ғы социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Олардың басым көпшілігі бірінші күннен бастап-ақ тапсырманы артық орындап, зор нәтижеге ие болды. Осының нәтиже-сінде колхозда 200 гектардай пар жырт-ылды.

Пар жырту жұмысын ойдағыдай ұйым-

Бірақ ауданда егістен кейін «кідіріс» жасап, осы уақытқа дейін пар жыртуды өрістетпей отырған колхоздар да жоқ емес. Кей колхоздарда пар жырту жөнін-дегі күнделікті мөлшер орындалмай келе-ді. Ал, пар жырту мерзімі өтіп баралы. Пар жыртуда артта қалған колхоздардың басшылары дер кезінде саналы жыртыл-ған пардың егін өнімін молайтуда зор ма-нызы бар екендігін ұмытқан көрінеді. Сондықтан да ауданда небары 1546 гек-тар ғана пар жыртылып, жоспар 11 про-цент ғана орындалып отыр.

Ендігі жерде колхоздардың міндеті—пар жырту жоспарын мұлтіксіз орындау-ға жетісу болуға тиіс. Колхоздардың, сов-хоздардың бастауыш партия және комсо-мол ұйымдарының басшылары колхозшы-лардың барлық күш-мүмкіншілігін пар жыртуға жұмылдырып, 1946 жылы егін-нен мол өнім алудың берік негізін қалау

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 16 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Борнео ара-лында Австрия әскерлерінің Брунейді то-лық алып, қаланың солтүстік жағындағы ауданды жапондықтардан толық тазарт-қандығын одақтастардың Тынық мұхит-тың оңтүстік-батыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлескен командованиесінің шта-бы хабар етті.

Филиппин аралдарында Лусон аралында кыймыл жасаушы америкн әскерлері Кагаян алқабында 22 миля алға басты.

ВАШИНГТОН, 16 июнь. (ТАСС). Аса қуатты 520 «Ушуншы камал» бомбашы-ларының кеше Осакаға (Жапонияда) ша-буыл жасағандығын АҚШ-тың Тынық мұ-хиттағы флотының штабы хабар етті. Қалаға кыйратқыш және өртегіш бомба-лар тасталды.

ЛОНДОН, 17 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, одақ-тастардың Тынық мұхиттың оңтүстік ба-тыс бөлегіндегі қарулы күштерінің бір-лескен командованиесі штабының хаба-рында былай делінген: Лусон аралының солтүстік-шығыс бөлегінде америкн әс-керлері 8 километр алға басып, жапон аэродромын алды. Аралдың батыс бөлегін де 6-жау әскерлер дивизиясы жапондық тардың қарсы атакасын тойтарды.

ВАШИНГТОН, 17 июнь. (ТАСС). Одақ-тастар авиациясының авианосецтер мен ағылшын флотынан ұшын шығып, 14 және 15 июньде жапонның Трук аралындағы (Маролин аралдарында) шептерін бомбалап, атқылағандығын, АҚШ-тың Ты-нық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

Окинава аралында америкн әскерле-рінің барған сайын алға басуы нәтиже-сінде жапондықтардың қолында тұрған жердің көлемі мүлде кішірейді. Өткен ап-тада америкн әскерлері жапонның 11 мыңнан аса солдатын жойып жіберді.

Америкн авиациясы жапонның ашық теңіздегі кемелеріне шабуыл жасады. 5 кеме суға батырылып, 11 кеме зияндал-ды.

Ұлтшыл лейбористер ұйымының ажыратылуы

ЛОНДОН, 16 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша ағылшын-ның ұлтшыл лейбористер ұйымы қайрат-керлерінің 14 июньде Лондонда болған мәслихатында бұл ұйымды ажырату туралы қарар қабылдаған. Мұның себебі, парламентке кандидаттар ретінде Ұлтшыл-ның ұйымының 5 мүшесі Черчилль Ұк-метін қолдайтын болған көрінеді. Басты

шына келтіріп, колхоздар мен өнеркәсіп орындарында жанадан 200 қызыл мүгедейлерін ашамыз.

ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЙҒАНДАР:

ҚК(б)П Сөлтүстік Қазақстан обкомінің секретарі Г. МЕЛЬНИК, еңбекшілер депутаттарының облыстық совет атқомінің председателі Н. МУСТАФИН, ҚК(б)П обкомінің секретарі ЧОННІН, ҚК(б)П обкомінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі ПИЛЬГУК, ҚЛКЖО обкомінің секретарі ПОПОВ, ҚК(б)П облыстық комитеті секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Ж. ТӨШЕНОВ, облыстық жер бөлімінің меңгерушісі ОМЕЛЬЯНЕНКО, ҚК(б)П облыстық комитеті үгіт-нәсихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Е. АҚЫЛБАЕВ, Петропавл МТСның директоры БЕРЖАТЫЙ, ҚК(б)П обкомі секретарінің отан қорғау өнеркәсібі жөніндегі орынбасары ЗАБАБУРИН, ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің секретарі КАЛИНИН, Куйбышев атындағы МТС директоры ЛЮБАРЬ, Киров атындағы астық совхозының директоры БОГИНИЧ, Киров атындағы колхоздың председателі КОЛОМИЕЦ, БК(б)П Орталық Комитетінің деңгейі жасайтын заводтағы парторгі БЫСОВ, Рес публикаға еңбегі сіңген оқытушы ВЛАДИМИРЦЕВА, былғары зауытының өрденді жұмысшысы АБАЙЛИН, Мамлют ауданының агрономі ГОЛОВАНЕВ, Мамлют ауданындағы Добровский селолық советінің председателі СУСЛОВ, облыстық «Ленин туы» газетінің редакторы В. ОСПАНОВ, облыстық «Ленинское знамя» газетінің редакторы А. НИЯНИЦА, облыстық жер бөлімі меңгерушісінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары ВЫСОВЕНЬ, астық совхоздары тресінің директоры САВИЦКИЙ, еңбекшілер депутаттарының Приешім аудандық советі атқару комитетінің председателі КЛОБУК, Приешім МТСның трактор бригадасының бригадирі РУДНЕВ, Н. зауытының өндіріс бастығы КРИСТАЛЬ, ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің секретарі СУРИКОВ, еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық советі атқомінің председателі ПОРФИРЬЕВ.

Жастардың өнегелі ісі

Молотов атындағы заводтың комсомол үшелері мен жастары республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста зор табыстарға жету үшін станавтық вахтаға тұрып, алған міндеттерін аброймен орындауда.

Акушев жолдастың басқаруындағы комсомол-жастар бригадасының мүшелері ахтаға тұрған күннен бастап қажырлы еңбек істеп жүр. Бригада сменалық тапсырманы 125—140 процент орындады. Токарь Давыдов сменалық тапсырмасын 173 процент орындайды. Стахановшылар Жолатова, Омаров жолдастар смена сайын 1-3 мөлшер орындап жүр. Комсомол күшесі Рязанова жолдас күнделік жұмыс мөлшерін 214 процент орындап, басқаларға үлгі көрсетті. Қазір бұл бригаданың әрбір мүшесі күн сайын екі мөлшер орындайды.

Стахановтық вахтаға тұрған күні Комарова жолдастың басқаруындағы бригаданың мүшелері қызу қарқынмен жұмыс істеп, Бригадир Комарова жолдас бір сменала 2,5 мөлшер орындады. Жас Токарь Ламанов ауыл шаруашылық машиналары үшін қосалқы бөлшектер дайындау жұмысында тапсырмасын 153 процент орындады.

Бригада мүшелері Тасмағамбетов, Режисова жолдастардың әрқайсысы смена

салған социалистік жарыс шартының орындауын тексеру жөнінде сарапшы болып сұралсын.

Чапаев атындағы МТС басшылары жөніндегі жұмысшылар арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырып, социалистік жарысты көңінен өрістетуге және комбайндарды егіп жыйнауға толық әзірлен. Қазақ ССРның 25 жылдық даңқты мерекесін лайықты қарсы алуға тиіс.

М. ХОЛИН.

10.000 ЛИТР ҚЫМЫЗ САТПАК

Преснов ауданындағы «Красное знамя» колхозында қымыз ашыту ісі ойдағыдай ұйымдастырылды. Бұл колхоз жыл сайын біре сауып, қымыздан көп кіріс алып келеді. Быйылғы жылы да колхоз 10-000 литр қымыз сатпақ. Бұдан колхоз 50 мың сом табыс табады.

М. ЕЛУБАЕВ.

ЭМБА МҰНАЙШЫЛАРЫ МӨЛШЕРДІ 240 ПРОЦЕНТ ОРЫНДАУДА

ДОССОР. (Гурьев облысы). Эмбадағы жаңа жас промс-қошқарда мұнай шығару жұмысы барған сайын өрістеуде. Майдың бас кезінде қошқарлықтар тәуліктік тапсырманы 160 проценттен орындап отырды. Қазір олар мөлшерді 240 процент орындай бастады.

Істің табысты болуын бұрғышылар қамтамасыз етеді. № 3 Сквжинаны мерзімінен 8 күн бұрын пайдалануға беріп, олар айлық тапсырманы бір жарым еседен артық орындады.

Төл шығынсыз өсірілуде

Төлдердің өлімін азайту үшін, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін күрес—мал шаруашылығының мемлекеттік жоспарын орындау және асыра орындау үшін күрес болып саналады. Демек, мал шаруашылығын өркендетудің бүкіл жылдық жоспарының орындалуы төл өсіру жұмысының үлгілі ұйымдастырылуына байланысты.

Қазақ республикасының даңқты мерекеі атындағы социалистік жарысқа ұнтағын, СССР Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығын өркендетудің 1945 жылғы мемлекеттік жоспары туралы» қарарына сәйкес іс ете отырып, төлдерді шығынсыз өсіруде Приешім қой совхозының малшылары жан алыбай еңбек істеп келеді. Соның нәтижесінде бұл совхоз қой өсіру жөніндегі жылдық жоспарды жарты жылдықта 140 процент орындады. Демек, қазірдің өзінде жоспар бойынша 9300 бас қой өсіру орнына, 13460 бас қой өсірді.

Приешім қой совхозы бұл табысқа қалай жетті?

Е. МАЛАЕВ.

25 жылдығы атындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Бұл колхоздың малшылары калниндіктердің бастамасы бойынша жоспардан тыс көп мал өсіруге серт берген еді.

Қазірдің өзінде колхоз малшылары бұл сертін аброймен орындады. Олардың көпшілігі мал шаруашылығын өркендетуде өздерінің тәжірибесін арттырды. Мәселен сауыншы әрі бұзау күтуші Кенжетәева жолдас 17 сыйырдан 17 бұзау алып, оны аман өсіруде. Ал шопаң Кәрімова

Байланыс қызметкерлерінің социалистік жарысы

Петропавл қалалық байланыс мекемесінің қызметкерлері республикамыздың 25 жылдық мерекесі атындағы социалистік жарысқа жаппай қосылды.

Еңбекшілерге келген газет-журналдар мен хаттарды уақытылы жеткізіп отыруда почтаның хат тасушылары стахановшы А. Пропанова жолдас тапсырманы

193 процент, Климова жолдас—178 процент, Т. Ларина жолдас—146 процент, Орлова жолдас—143 процент және П. Анисеева—129 процент орындап жүр. Олар газет-журналдар мен хаттарды тиісті адамдарға тапсыруда іс үлгісін көрсетіп жүр.

З. АЙСИНА.

Көшпелі кітапханалар

Облыстық кітапхана коллективі шөп шабу, егінді күту, пар жырту жұмыстарына арнап, облысымыздың колхоздарына көп суреттер, ұрандар жіберді. Сол сияқты, кітапхана қызметкерлері колхоздарға үгіт-көпшілік жұмыстарын жүргі-

зудің әдісі мен міндеті туралы кітаптар жіберу үшін әзірленуде. Жақын арада кітапхана коллективі колхоздарға бұрынғыға қосымша тағы да бірнеше көшпелі кітапханалар шығармақ.

С. КӘНІМОВА.

орнына, 40 құлын өсірілді. 3670 қозының орнына, 4600 қозы өсірілді.

Ақанов жолдас төл алу, оны аман өсіру жұмысын бар ынта, жігермен атқарып отыр. Ол жылдық жоспар бойынша, 409 қой өсіру орнына, 410 қой өсірді. Бұл отарда қоздауға тиісті 308 қойдан 349 қозы алынып, шығынсыз өсірілуде. Ақанов жолдас бұл совхозда 9 жылдан бері істеп келеді. Ол өзінің қарауындағы малды сүйіп бағады. Сауыншы Ботаева жолдас 430 саулықтан 500 қозы өсірді. Ал Нестеренко және Мусин жолдастар да әрқайсысы 658 саулықтан 700ден қозы өсірді.

Совхозда ірі қара мал өсіру жоспары да артығымен орындалды. Яғни жылдық жоспар бойынша 1165 ірі қара мал өсіру орнына, жарты жылдықтың өзінде қара мал саны 1234 басқа жетті. Бұзау күтуші Борғатый жолдас қарауындағы 30 бұзауды аман өсіру үшін күресуде.

Қызыл Армияның тарихи жеңісімен жігерленген совхоз жұмысшылары Қазақстанның даңқты мерекесіне дейін мал шаруашылығының мемлекеттік жоспарын 200 процент орындаймыз деп серт берді.

Сауған ШӘЙМЕРДЕНОВ.
ПРЕСНОВКА (өз тілшіміз).

Рибентроптың тұтқынға алынуы жайында

ЛОНДОН, 16 июнь. (ТАСС). Англияның хабаршы министрлігінің хабары бойынша, 15 июньде Рибентропты тергеу үшін оны Люнебург аэродромынан белгісіз бір жаққа самолетпен алып кеткен. Рибентропқа күшті күзет қойылды.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

18 июньде Монреальда Канаданың математикалық бірінші конгресі болмақ. Конгреске Құрама Штаттары мен Англияның көрнекті бірқатар математикашылары қатысады.

Норвегия жоғарғы сотының председателі мен Норвегия ішкі майданының басшысы Поль Берг Норвегияның жаңа үкіметін құруға кірісті.

Вишидің саяси полициясы бастығының бұрынғы көмекшісі Жан Растелли атып өлтірілді. Ол неміс басқыншылармен бірлесіп іс еткені үшін өлім жазасына кесілген болатын.

ЖОҒАРҒЫ МЕНТЕП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ

Елвенте жоғарғы мектеп қызметкерлерінің республикалық мәслихаты аяқталды. УССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы жоғарғы мектептер ісі жөніндегі басқарманың бастығы С. М. Бухало жолдас мәслихатта Украина жоғарғы дәрежелі оқу орындарының жағдайы жөніндегі оның кезекті міндеттері туралы баяндама жасады. Ол, соғысқа дейін жұмыс істеген жоғарғы дәрежелі 162 оқу орнының 14 толық қалпына келтірілгендігін мәлімдеді. Сол сияқты республиканың индустриялы-техникалық, ауыл шаруашылық оқытушылар институттары қалпына келтірілді.

(ТАСС).

ЖОСПАРДАН ТЫС 6 МҰН ПАР АЯҚ КИІМ ДАЙЫНДАМАҚ

Ростовтың Микоян атындағы аяқ киі фабрикасы жарты жылдық өндіріс программасын мерзімінен 23 күн бұрын орындады. Коллектив 1 июльге дейін жоспардан тыс 60 мың пар аяқ киім дайындауға міндеттенді. Мұнда аяқ киім тігу өткен жылмен салыстырғанда екі есе артты.

(ТАСС)

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.